

"Геология" саласындағы салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 22 қарашадағы № 371 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 24 желтоқсанда № 9018 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 629 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 28.05.2015 № 629 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-4-бабының 3-тармағына с ә й к е с , **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған «Геология» саласындағы салалық біліктілік шеңбері б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті Қазақстан (Б.Қ. Нұрабаев) Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице - министрі Н.Е. Сауранбаевқа ж ү к т е л с і н .

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы	
	Премьер-Министрінің	орынбасары	-
	Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң	
	И н д у с т р и я	ж ә н е	ж а ң а
технологиялар министрі		Ә. Исекешев	
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы		
Премьер-Министрінің		орынбасары	—
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы	И н д у с т р и я	ж ә н е
жаңа	технологиялар	министрінің	

2013 жылғы 22 қарашадағы
№ 371 бұйрығымен
бекітілген

«Геология» саласындағы салалық біліктілік шеңбері

1. Жалпы ережелер

1. Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) "геология" саласы бойынша қызметкерлердің құзыретіне қойылатын біліктілік талаптарының сипаттамасын қамтиды.

2. СБШ-ның мақсаты - "геология" саласының технологиялық талаптарын ескере отырып, Ұлттық біліктілік шеңберінің (ҰБШ) деңгейлік біліктілік құзыреттерін сипаттау.

3. СБШ-ның міндеті - кәсіптік стандарттарды әрі қарай әзірлеу үшін "геология" саласының қолданыстағы және келешектегі технологияларын ескере отырып, қызметкерлердің атқарымдық мінез-құлықтары, дағдылары мен білімдеріне қойылатын талаптарды анықтау болып табылады.

4. СБШ төмендегі қағидаттарды ескере отырып әзірленеді:

1) ӨБШ біліктілік деңгейлерінің салалардың қолданыстағы және келешектегі технологияларын ескере отырып, қызметкерлердің атқарымдық мінез-құлықтарына (қабілеттеріне), дағдылары мен білімдеріне қойылатын талаптарын нақтылау;

2) төменгі біліктілік деңгейлерінен жоғары біліктілік деңгейлеріне ауысу кезіндегі атқарымдар сабақтастығы;

3) атқарымдарды сипаттаудың бір мағыналылығы, қисындылығы және қысқалығы;

4) СБШ-ның кәсіптік қызметтің барлық салаларына қойылатын үлгілік талаптарының әмбебаптығы, тиімділігі;

5) қызметкерлердің біліктілігін арттыруды ынталандыруды қамтамасыз ету.

5. Шеңберінде сала қызметі жүзеге асырылатын негізгі нормативтік актілер: "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңы, "Қазақстан Республикасының геология саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 тамыздағы № 1042 қаулысы.

6. "Геология" саласының стратегиялық мақсаттары:

1) қазіргі кезеңде және келешекте мемлекеттің экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жер қойнауын геологиялық зерттеудің,

минералдық-шикізат базасын ұтымды пайдалану мен орнын толтырудың тиімді мемлекеттік жүйелерін қалыптастыру;

2) мемлекеттің қатты пайдалы қазбаларға, көмірсутегі шикізатына және жерасты суларына геологиялық барлау жұмыстарының ертеректегі, тиісінше, тәуекелі көбірек өңірлік және іздестіру сатыларын қаржыландырудағы рөлін күшейте отырып, геологиялық барлау жұмыстарын мемлекеттік бағдарламалық-мақсатты жоспарлау және жүргізу жүйесін жетілдіру;

3) жер қойнауын геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасын ұдайы өндіруді, тең құқылы бәсекелестік ортаны дамыту үшін инновациялық технологияларды өндірудің инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында нормативтік құқықтық базаны және нормативтік техникалық базаны жетілдіру.

70. Геологиялық саланың негізгі міндеттері:

1) мемлекеттің геологиялық-барлау жұмыстарының (ГБЖ) - өңірлік және іздестіру жұмыстарының ертеректегі сатыларын қаржыландыруын күшейте отырып, мемлекеттік геологиялық қызметті және минералдық-шикізат базасының орнын толтыру жүйесін жаңғырту;

2) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жобаларын іске асыруға қатыстыру үшін әлемдік жетекші геологиялық-барлау және кен өндіруші компанияларды тарту жолымен мемлекеттік-жеке меншік серіктестік тетіктерін дамыту;

3) геологиялық саланың, ең алдымен, ғылыми және қолданбалы зерттеулер саласының, сондай-ақ инновациялық технологияларды әзірлеу және өндіру саласының инфрақұрылымын дамыту;

4) кадрларды даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың тиімді жүйесін құру.

8. СБШ Ұлттық біліктілік жүйесін құру шеңберінде саланың кәсіптік стандарттарын әзірлеумен айналысатын сарапшыларға, әзірлеушілерге, жұмыс топтарының мүшелеріне, сондай-ақ "геология" саласындағы жұмыс берушілерге, кәсіпорындардың басшылары мен мамандарына арналған.

9. СБШ СБШ-ның 1-қосымшасына сәйкес құрылым бойынша ресімделген шеңберлік құрылымды білдіреді.

2. Салалық біліктілік шеңберінің паспорты

10. Сала: Геология

Мамандықты дамыту және нығайту үдерісінде геологияда өндірістік қызметтің әрқайсысының өз ерекшелігі бар салалар қатары қалыптасты: минералогия, петрография (петрология), литология (шөгінді тау жыныстарының петрографиясы), гидрогеология, инженерлік геология, геохимия, геофизика,

құрылымдық геология, тектоника, тарихи геология, палеонтология, стратиграфия
, пайдалы қазбалар геологиясы.

Геология шешетін көптеген қолданбалы және теориялық мәселелер пайдалы қазбалардың кен орындарын табумен байланысты. Бұл үшін геологиялық зерттеулер жүргізіледі.

Геологиялық барлау жұмыстары (а. geologic prospecting works; н. geologische Erkundung; ф. travaux de prospection geologique; и. trabajos de prospeccion geologica) — пайдалы қазбалардың кен орындарын табу және өнеркәсіптік игеруге дайындау үшін жүргізілетін түрлі арнайы геологиялық және басқа да жұмыстар кешені. Оларға пайдалы қазбалардың кен орындарын болжау, іздеу, шөгу жағдайларын белгілеу, алдын ала және жіті барлау, геологиялық-экономикалық бағалау және өнеркәсіптік игеруге дайындау мақсатында олардың орналасу заңдылықтарын, түзілу жағдайларын, құрылым ерекшеліктерін, заттық құрамын зерделеу кіреді.

11. Осы миссияны іске асыру жұмыстарының технологиялық реттілігі геологиялық-геофизикалық зерттеулер жүргізу үшін материалдар мен жабдықтарды дайындауды, далалық геологиялық-геофизикалық зерттеулер жүргізуді, геологиялық-геофизикалық зерттеулердің нәтижелерін талдау, өңдеу және ресімдеуді көздейді.

Кәсіптік қызмет салалары:

1) геологиялық-геофизикалық зерттеулер жүргізу үшін материалдар мен жабдықтар дайындау;

2) далалық геологиялық-геофизикалық зерттеулер және іздеу;

3) геологиялық-геофизикалық зерттеулердің нәтижелерін талдау, өңдеу және ресімдеу.

12. Еңбек қызметінің түрлері:

1) геологиялық-геофизикалық ақпарат жинау (дала жұмыстары);

2) дала жұмыстарының (камералдық жұмыстар) нәтижелерін өңдеу және талдау;

3) камералдық жұмыстардың нәтижелері бойынша экономиканың түрлі салалары үшін (мұнай-газ, тау-кен, инженерлік ғимараттар құрылысы, экология және т.б.) геологиялық объектілер мен үдерістер туралы ақпарат алу.

13. Біліктілік деңгейлері мен ұлттық білім беру және оқыту жүйесі деңгейлерінің арақатынасы СБШ-ның 2-қосымшасында көрсетілген біліктілікке қол жеткізу көрсеткіші бойынша айқындалады.

Геология саласындағы

салалық

біліктілік

шеңберінің

1-қосымшасы

Геология саласындағы салалық біліктілік шеңберінің құрамы

Ұ Б Ш деңгейі	С Б Ш деңгейі	Кәсіптік қызмет салалары: 1. Геологиялық-геофизикалық зерттеулер жүргізу үшін материалдар мен жабдықтар дайындау		
		Жеке және кәсіби құзыретіне қойылатын талаптар	Білігі мен дағдысына қойылатын талаптар	Біліміне қойылатын талаптар
1	1	<p>Дербестігі: геологиялық-геофизикалық жарақтар мен жабдықтарды тиеу-түсіру жұмыстары, оларды жұмыс жүргізілетін жерге тасымалдау және далалық лагерьдің тұрақ орындарын дайындау жұмыстары бойынша міндеттерді орындау барысында өте төмен дербестік деңгейінде толық басшылық жасалатын жұмыс. Жауаптылығы: жұмыстарды орындау; өз қауіпсіздігін және басқалардың қауіпсіздігін сақтау. Күрделілігі: нұсқаулық бойынша жұмыс істеу.</p>	<p>Бір үлгідегі жеңіл практикалық тапсырмаларды орындайды, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқара білу дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Еңбек мәні, оны өзгерту процестері және тиісті орындаушылық әрекеттер топтамасы туралы базалық білім</p>
2	2	<p>Дербестігі: белгілі жағдайларда белгілі бір дербестік деңгейін білдіретін, басшылық жасалатын жұмыс; басшылық жасап оқыту. Бөлу-телу жұмыстарына қатысу (геологиялық-геофизикалық ақпарат жинаудың жобалық бейіндерінің жергілікті жерде орналасуын анықтау), геологиялық- геофизикалық зерттеулер жүргізу үшін алаңдарды дайындау. Жауаптылығы: қарапайым тапсырмалардың орындалу нәтижелері үшін; өз қауіпсіздігін және басқалардың қауіпсіздігін сақтау; қоршаған ортаны қорғау талаптарын орындау үшін. Күрделілігі: қарапайым үлгілік тапсырмаларды шешу.</p>	<p>Бір үлгідегі жеңіл практикалық тапсырмаларды орындайды, қарапайым өндірістік жағдайларда өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқара білу дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Еңбек мәні, бір үлгідегі қарапайым тапсырмаларды орындау кезінде нәтижеге қол жеткізу құралдары мен жолдары туралы базалық білім.</p>
		<p>Дербестігі: бір үлгідегі жағдайларда және кәсіптік қызметтердің басшылық</p>		

3	3	<p>жасалатын күрделі жағдайларында дербес жұмыстарды жүзеге асыру, оқытуларды өз бетінше ұйымдастыру. Бұрғылау ерітіндісінің сапасын анықтауды, тау жынысын бұзу құрал-сайманын таңдауды, бұрғылау кезінде бұрғылау қондырғысының орнатылғандығын бақылауды қ о с а , геологиялық-геофизикалық ақпараттың жекелеген түрлерін жинау бойынша техникалық және басқа да қосалқы құралдарды дайындау және күйге келтіру. Жауаптылығы: жұмыстардың орындалу нәтижелері үшін; өз қауіпсіздігін және басқалардың қауіпсіздігін сақтау; қоршаған ортаны қорғау талаптарын орындау үшін. Күрделілігі: бір үлгідегі практикалық тапсырмаларды орындау; білім және тәжірибе негізінде әрекет ету тәсілін таңдай білу.</p>	<p>Стандартты практикалық тапсырмаларды орындайды, жоспарлау, қойылған міндеттерді орындау тәсілдерін таңдай білу дағдыларын көрсетеді.</p> <p>Еңбек мәнін технологиялы өзгерту, еңбекті жоспарла және ұйымдастыру туралы білім</p>
4	4	<p>Дербестігі: бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет. Жұмыс жүргізлетін аудан бойынша мұрағаттық геологиялық- геофизикалық материалдарды жинау және зерделеу, жұмыстардың ауданы үшін геологиялық-геофизикалық зерттеулер жүргізу әдістемесі мен техникасын анықтау. Жауаптылығы: норманың іске асырылу нәтижесі үшін; өз қауіпсіздігін және басқалардың қауіпсіздігін сақтау; қоршаған ортаны қорғау талаптарын орындау</p>	<p>Кәсіпқойлық міндеттерді шешу және белгілеу тәсілде қағидалары және амалдары қарым-қатынас этикасы мен психологиясы, еңбек</p> <p>Алынған тапсырмаларды нақтылайды, бағыныштылардың міндеттерін белгілейді, қызметтерінің нәтижесін бағалайды, білім және дағдылардың жетіспеуін анықтайды, қызметкерлерді кәсіпқойлығын жоғарылатуға ынталандырады.</p>

		үшін. Күрделілігі: жұмыс жағдайын өз бетінше талдауды талап ететін әр түрлі үлгідегі практикалық міндеттерді шешу.		уәждемесі және еңбекке ынталандыру тәсілдері
5	5-1	Дербестігі: кәсіпорын қызметтерінің технологиялық үдерістері мен стратегиясына қатысу шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Жұмыс жүргізілетін ауданда д а л а л ы қ геологиялық-геофизикалық жұмыстарды жоспарлау үдерістерін басқару. Жауаптылығы: өз еңбегін бағалау және жетілдіру, өзі оқу және басқаларды оқыту, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуы. Күрделілігі: әр түрлі жұмыс жағдайында шешім табу тәсілдерін таңдап алу негізінде практикалық міндеттерді шешу.	Тапсырысты түсіне білу, жағдайды талдай алу, өзін-өзі тексере білу, шешім қабылдай білу және оларды іске асыруға жағдай жасау, басқарушылық және орындаушылық кәсіпқойлықты жоғарылататын командалық жұмыста қызметтерді бақылау және түзету дағдыларын көрсетеді	Кәсіпқойлық жағдайларды жүйелік талдау және жобалық әдіснамасы, басқарушылық шешімдерді қабылдау тәсілдері, ұжым және ұжымдық құрылым туралы білім
	5-2	Дербестігі: кәсіпорын қызметтерінің технологиялық үдерісі және стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Жұмыс жүргізілетін ауданда алға қойылған міндеттерді шешу үшін геологиялық-геофизикалық зерттеулер әдістерінің ұтымды кешенін негіздеу және таңдау үдерісін басқару Жауаптылығы: өз еңбегін бағалау және жетілдіру, өзі оқу және басқаларды оқыту, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуы. Күрделілігі: шешім қабылдау тәсілдерінің әр түрлілігін көздейтін міндеттерді шешуге бағытталған қызметтер.		
		Дербестігі: жұмыстарды басқа учаскелермен келісім жасауды көздейтін,		

6	6-1	<p>кәсіпорын қызметтерінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Кәсіпорынның далалық геологиялық- геофизикалық жұмыстарын жоспарлау қызметі. Жауаптылығы: маңызды өзгерістерге және дамуға, әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу, қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыру үшін жауаптылық. Күрделілігі: шешім қабылдау тәсілдерінің әр түрлілігін көздейтін міндеттерді шешуге бағытталған қызметтер.</p>	<p>Әлеуметтік және кәсіптік тұрлаусыз жағдайларды жобалау және шешім қабылдау, өзін-өзі басқару білу, байланысты ұйымдастыру және көзқарастарға келісім жасау, нәтижелерді ресімдеу және таныстыру, қазіргі заманғы бағдарламалық өнімдерді және техникалық құралдарды пайдалану дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Әлеуметтік және кәсіпті күрделі жағдайларды бірлес талдау, жобалау және шеші қабылдау, байланысты ұйымдастыру және көзқарастарға келісім жаса аналитикалық және жобаль құжаттамаларды ресімдеу және таныстыру туралы білі</p>
	6-2	<p>Дербестігі: жұмыстарды басқа учаскелермен келісім жасауды көздейтін, кәсіпорын қызметтерінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Кәсіпорынның далалық геологиялық- геофизикалық жұмыстарының міндеттерін белгілеу. Жауаптылығы: маңызды өзгерістерге және дамуға, әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу, қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыру үшін жауаптылық. Күрделілігі: шешім қабылдау тәсілдерінің әр түрлілігін көздейтін міндеттерді шешуге бағытталған қызметтер.</p>		
7	7-1	<p>Дербестігі: сала құрылымын дамыту және оған жұмыс істетуді, жағдайларды ұйымдастыруды көздейтін басқарушылық қызмет. Ішкі нарықта сұранысқа ие геологиялық объектілер мен үдерістерді анықтау үшін геологиялық-геофизикалық зерттеу міндеттерін белгілеу. Жауаптылығы: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау, әзірлеу және оның нәтижелері үшін. Күрделілігі: шешім қабылдау, жаңа</p>	<p>Мәселелерді алға қоя білу және шешу, өз әрекетін шынайы бағалай білу, жаңа тәсілдерді, тұжырым құру тәсілдері мен қызмет ету стратегиясын қолдана отырып мәселелерді жүйемен шеше білу дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Қызмет ету және әрекеттес тұжырымдарын, стратегияс , функционалдық үлгілері құру әдіснамасы, жоғары да деңгейіне қол жеткізетін ғылыми прогрессивтік тәсілдерді қолдана отырып мәселелерді алға қоя біл</p>

		тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді пайдалануды көздейтін қызмет.		және шешу тәсілдері турал білім
	7-2	Дербестігі: сала құрылымын дамыту және оған жұмыс істету стратегиясын құруды көздейтін басқарушылық қызмет. Сыртқы нарықта сұранысқа ие геологиялық объектілер мен үдерістерді анықтау үшін геологиялық-геофизикалық зерттеу міндеттерін белгілеу. Жауаптылығы: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау, әзірлеу және оның нәтижелері үшін. Күрделілігі: даму мәселелерін шешу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді қолдануды көздейтін қызметтер.		
8	8-1	Мемлекеттік ауқымдағы саланың ірі институционалдық құрылымдарына жұмыс істету және дамыту стратегиясын құруды, өнімді ішкі нарықта өндіру мен өткізу жағдайлары мен жауапкершілігін ұйымдастыруды көздейтін басқарушылық қызмет: ішкі нарықта сұранысқа ие минералдық шикізатты қайта өңдеу өнімдерін өткізу.	Экологиялық және стратегиялық ойлай білу дағдысын, көшбасшылық, дағдыларды, логикалық әдістерді, кәсіпқойлық қызметтер мен өзара қарым-қатынас үлгілерін құру әдістерін қолдана отырып өзара тиімді шешім қабылдау дағдыларын көрсетеді	Қызметтер мен өзара әрекеттестіктің кооперативті жүйелерін құру, макроәлеуметтік және макроэкономикалық жүйелерді үлгілеу және басқару әдіснамасы турал білім
	8-2	Мемлекеттік ауқымдағы саланың ірі институционалдық құрылымдарына жұмыс істету және дамыту стратегиясын құруды, өнімді сыртқы нарықта өндіру мен өткізу жағдайлары мен жауапкершілігін ұйымдастыруды көздейтін басқарушылық қызмет: минералдық шикізатты қайта өңдеу өнімдерін сыртқы нарықта жоғары қосылған құнмен өткізу (экспорт)		

Ұ Б Ш деңгейі	С Б Ш деңгейі	Кәсіптік қызмет салалары: 2. Далалық геологиялық-геофизикалық зерттеулер және іздеу		
		Жеке және кәсіби құзыретіне қойылатын талаптар	Білігі мен дағдысына қойылатын талаптар	Біліміне қойылатын талаптар
1	1	Дербестігі: геологиялық-геофизикалық ақпарат жинаудың техникалық және қосалқы құралдарын дайындау бойынша міндеттерді орындау барысында өте төмен дербестік деңгейінде толық басшылық жасалатын жұмыс Жауаптылығы: жұмыстарды орындау; өз қауіпсіздігін және басқалардың қауіпсіздігін сақтау. Күрделілігі: нұсқаулық бойынша жұмыс істеу.	Бір үлгідегі жеңіл практикалық тапсырмаларды орындайды, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқара білу дағдыларын көрсетеді	Еңбек мәні, оны өзгерт процестері және тиіст орындаушылық әрекетте топтамасы туралы базаль білім
2	2	Дербестігі: геологиялық-геофизикалық ақпарат жинау бойынша белгілі жағдайларда белгілі бір дербестік деңгейін білдіретін, басшылық жасалатын жұмыс. Жауаптылығы: қарапайым тапсырмалардың орындалу нәтижелері үшін; өз қауіпсіздігін және басқалардың қауіпсіздігін сақтау; қоршаған ортаны қорғау талаптарын орындау үшін. Күрделілігі: қарапайым үлгілік тапсырмаларды шешу.	Бір үлгідегі жеңіл практикалық тапсырмаларды орындайды, қарапайым өндірістік жағдайларда өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқара білу дағдыларын көрсетеді	Еңбек мәні, бір үлгідегі қарапайым тапсырмаларды орындау кезінде нәтижеге қол жеткізу құралдары мен жолдары туралы базаль білім.
3	3	Дербестігі: бір үлгідегі жағдайларда және кәсіптік қызметтердің басшылық жасалатын күрделі жағдайларында дербестік жұмыстарды жүзеге асыру, оқытуларды өз бетінше ұйымдастыру. Қойылған міндетке сәйкес геологиялық-геофизикалық зерттеулердің жекелеген түрлерін жоспарлау және жүргізу. Жауаптылығы: тапсырмалардың орындалу нәтижелері үшін; өз қауіпсіздігін және басқалардың қауіпсіздігін сақтау; қоршаған ортаны қорғау талаптарын орындау үшін. Күрделілігі: бір үлгідегі практикалық тапсырмаларды орындау; білім және тәжірибе негізінде әрекет ету тәсілін таңдай білу.	Стандартты практикалық тапсырмаларды орындайды, жоспарлау, қойылған міндеттерді орындау тәсілдерін таңдай білу дағдыларын көрсетеді.	Еңбек мәнін технологиялы өзгерту, еңбекті жоспарлау және ұйымдастыру туралы білім

4	4	<p>Дербестігі: бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет. Техникалық құралдарды дайындау және геологиялық-геофизикалық ақпаратты жинау үдерістерін басқару Жауаптылығы: тапсырмалардың орындалу нәтижелері үшін; өз қауіпсіздігін және басқалардың қауіпсіздігін сақтау; қоршаған ортаны қорғау талаптарын орындау үшін. Күрделілігі: жұмыс жағдайын өз бетінше талдауды талап ететін әртүрлі үлгідегі практикалық міндеттерді шешу.</p>	<p>Алынған тапсырмаларды нақтылайды, бағыныштылардың міндеттерін белгілейді, қызметтерінің нәтижесін бағалайды, білім және дағдылардың жетіспеуін анықтайды, қызметкерлерді кәсіпқойлығын жоғарылатуға ынталандырады.</p>	<p>Кәсіпқойлық міндеттерді шешу және белгілеу тәсілдері, қағидалары және амалдары, қарым-қатынас этикасы мен психологиясы еңбек уәждемесі және еңбекке ынталандыру тәсілдері</p>
5	5-1	<p>Дербестігі: кәсіпорын қызметтерінің технологиялық үдерістері мен стратегиясына қатысу шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Жұмыс жүргізілетін ауданда геологиялық-геофизикалық ақпарат жинау бойынша дала жұмыстарын жүргізу. Жауаптылығы: өз еңбегін бағалау және жетілдіру, өзі оқу және басқаларды оқыту үшін; өз қауіпсіздігін және басқалардың қауіпсіздігін сақтау; қоршаған ортаны қорғау талаптарын орындау үшін. Күрделілігі: әртүрлі жұмыс жағдайында шешім табу тәсілдерін таңдап алу негізінде практикалық міндеттерді шешу.</p>	<p>Тапсырысты түсіне білу, жағдайды талдай алу, өзін-өзі тексере білу, шешім қабылдай білу және оларды іске асыруға жағдай жасау, басқарушылық және орындаушылық кәсіпқойлықты жоғарылататын командалық жұмыста қызметтерді бақылау және түзету дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Кәсіпқойлық жағдайларды жүйелік талдау және жобалау әдіснамасы, басқарушылық шешімдер қабылдау тәсілдері, ұжым және ұжымдық құрылымы туралы білім</p>
		<p>Дербестігі: жұмыстар жөнінде басқа учаскелермен келісім жасауды көздейтін, кәсіпорын қызметтерінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Жұмыс жүргізілетін ауданда геологиялық-геофизикалық ақпарат жинау бойынша дала жұмыстарына дайындық. Жауаптылығы: өз еңбегін бағалау</p>		

	5-2	және жетілдіру, өзі оқу және басқаларды оқыту үшін; өз қауіпсіздігін және басқалардың қауіпсіздігін сақтау; қоршаған ортаны қорғау талаптарын орындау үшін. Күрделілігі: әр түрлі жұмыс жағдайында шешім табу тәсілдерін таңдап алу негізінде практикалық міндеттерді шешу.		
6	6-1	Дербестігі: жұмыстар жөнінде басқа учаскелермен келісім жасауды көздейтін, кәсіпорын қызметтерінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Жұмыс жүргізілетін а у д а н д а геологиялық-геофизикалық ақпарат жинау бойынша дала жұмыстарын жүргізу әдістемесі мен техникасына мониторинг жүргізу және бақылау. Жауаптылығы: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау, әзірлеу және оның нәтижелері үшін. Күрделілігі: шешім қабылдау, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді пайдалануды көздейтін қызмет.	Өлеуметтік және кәсіптік тұрлаусыз жағдайларды жобалау және шешім қабылдау, өзін-өзі басқару білу, байланысты ұйымдастыру және көзқарастарға келісім жасау, нәтижелерді ресімдеу және таныстыру, қазіргі заманғы бағдарламалық өнімдерді және техникалық құралдарды пайдалану дағдыларын көрсетеді	Өлеуметтік және кәсіпті күрделі жағдайларды бірлесіп талдау, жобала және шешім қабылдау байланысты ұйымдастыр және көзқарастарға келісі жасау, аналитикалық жәғ жобалық құжаттамаларді ресімдеу және таныстыр туралы білім
	6-2	Дербестігі: жұмыстар жөнінде басқа учаскелермен келісім жасауды көздейтін, кәсіпорын қызметтерінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Жұмыс жүргізілетін а у д а н д а геологиялық-геофизикалық ақпарат жинау бойынша дала жұмыстары нәтижелерінің сапасын бақылау. Жауаптылығы: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау, әзірлеу және оның нәтижелері үшін. Күрделілігі: шешім қабылдау, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді пайдалануды көздейтін қызмет.		
		Дербестігі: сала құрылымын дамыту және оған жұмыс істетуді , жағдайларды ұйымдастыруды көздейтін басқарушылық қызмет.		Қызмет ету және әрекетте тұжырымдарын,

7	7-1	<p>Ішкі нарықта сұранысқа ие геологиялық объектілер мен үдерістерді анықтау үшін геологиялық-геофизикалық зерттеу міндеттерін белгілеу. Жауаптылығы: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау, әзірлеу және оның нәтижелері үшін. Күрделілігі: шешім қабылдау, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді пайдалануды көздейтін қызмет.</p>	<p>Мәселелерді алға қоя білу және шешу, өз әрекетін шынайы бағалай білу, жаңа тәсілдерді, тұжырым құру тәсілдері мен қызмет ету стратегиясын қолдана отырып мәселелерді жүйемен шеше білу дағдыларын көрсетеді</p>	<p>стратегиясын, функционалдық үлгілері құру әдіснамасы, жоғары даму деңгейіне қол жеткізетін ғылыми прогрессивтік тәсілдерді қолдана отырып, мәселелерді алға қоя біл және шешу тәсілдері тура білім</p>
	7-2	<p>Дербестігі: сала құрылымын дамыту және оған жұмыс істету стратегиясын құруды көздейтін басқарушылық қызмет. Сыртқы нарықта сұранысқа ие геологиялық объектілер мен үдерістерді анықтау үшін геологиялық-геофизикалық зерттеу міндеттерін белгілеу. Жауаптылығы: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау, әзірлеу және оның нәтижелері үшін. Күрделілігі: даму мәселелерін шешу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді қолдануды көздейтін қызметтер.</p>		
8	8-1	<p>Мемлекеттік ауқымдағы саланың ірі институционалдық құрылымдарына жұмыс істету және дамыту стратегиясын құруды, өнімді ішкі нарықта өндіру мен өткізу жағдайлары мен жауапкершілігін ұйымдастыруды көздейтін басқарушылық қызмет: ішкі нарықта сұранысқа ие минералдық шикізатты қайта өңдеу өнімдерін өткізу.</p>	<p>Экологиялық және стратегиялық ойлай білу дағдысын, көшбасшылық дағдыларды, логикалық әдістерді, кәсіпқойлық қызметтер мен өзара қарым-қатынас үлгілерін құру әдістерін қолдана отырып өзара тиімді шешім қабылдау дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Қызметтер мен өзара әрекеттестіктің кооперативтік жүйелерін құру, макроәлеуметтік және макроэкономикалық жүйелерді үлгілеу және басқару әдіснамасы туралы білім</p>
	8-2	<p>Мемлекеттік ауқымдағы саланың ірі институционалдық құрылымдарына жұмыс істету және дамыту стратегиясын құруды, өнімді сыртқы нарықта өндіру мен өткізу жағдайлары мен жауапкершілігін ұйымдастыруды көздейтін басқарушылық қызмет: минералдық шикізатты қайта</p>		

		өңдеу өнімдерін сыртқы нарықта жоғары қосылған құнмен өткізу (экспорт).		
ҰБШ деңгейі	СБШ деңгейі	Кәсіптік қызмет салалары: 2. Геологиялық-геофизикалық зерттеулердің нәтижелерін талдау және ресімдеу		
		Жеке және кәсіби құзыретіне қойылатын талаптар	Білігі мен дағдысына қойылатын талаптар	Біліміне қойылатын талаптар
1	1	-	-	-
2	2	-	-	-
3	3	<p>Дербестігі: бір үлгідегі жағдайларда және кәсіптік қызметтердің басшылық жасалатын күрделі жағдайларында дербес жұмыстарды жүзеге асыру, оқытуларды өз бетінше ұйымдастыру.</p> <p>Мамандандырылған бағдарламалық-техникалық кешендерді далалық геологиялық-геофизикалық ақпаратты өңдеу және біріктіру, оларды мамандандырылған бағдарламалық-техникалық кешендерге енгізу, дала жұмыстары жүргізілетін аудандағы геологиялық объектілер мен үдерістер туралы есепті ресімдеу үдерісіне дайындау (баптау).</p> <p>Жауаптылығы: жұмыстардың орындалу нәтижесі, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуы.</p> <p>Күрделілігі: бір үлгідегі практикалық тапсырмаларды орындау; білім және тәжірибе негізінде әрекет ету тәсілін таңдай білу.</p>	Стандартты практикалық тапсырмаларды орындайды, жоспарлау, қойылған міндеттерді орындау тәсілдерін таңдай білу дағдыларын көрсетеді.	Еңбек мәнін технологиялы өзгерту, еңбекті жоспарла және ұйымдастыру туралы білім
		Дербестігі: бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын көздейтін, басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-		

4	4	<p>басқарушылық қызмет. Геологиялық- геофизикалық зерттеулердің жекелеген түрлерінің нәтижелерін өңдеу және біріктіру үдерісін басқару, дала жұмыстары жүргізілетін аудандағы геологиялық объектілер мен үдерістер туралы есепті ресімдеу үдерісіне қатысу. Жауаптылығы: норманың іске асырылу нәтижесі үшін; өз қауіпсіздігін және басқалардың қауіпсіздігін сақтау; қоршаған ортаны қорғау талаптарын орындау үшін. Күрделілігі: жұмыс жағдайын өз бетінше талдауды талап ететін әр түрлі үлгідегі практикалық міндеттерді шешу.</p>	<p>Алынған тапсырмаларды нақтылайды, бағыныштылардың міндеттерін белгілейді, қызметтерінің нәтижесін бағалайды, білім және дағдылардың жетіспеуін анықтайды, қызметкерлерді кәсіпқойлығын жоғарылатуға ынталандырады.</p>	<p>Кәсіпқойлық міндеттерді шешу және белгілеу тәсілдері қағидалары және амалдары қарым-қатынас этикасы мен психологиясы, еңбек уәждемесі және еңбекке ынталандыру тәсілдері</p>
5	5.1	<p>Дербестігі: кәсіпорын қызметтерінің технологиялық үдерістері мен стратегиясына қатысу шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Геологиялық-геофизикалық зерттеулердің жекелеген түрлерін өңдеу нәтижелерін кешенді біріктіру, кешенді біріктіру нәтижелері бойынша дала жұмыстары жүргізілетін ауданда анықталған геологиялық объектілер мен үдерістер туралы есепті дайындау үдерістерін басқару Жауаптылығы: өз еңбегін бағалау және жетілдіру, өзі оқу және басқаларды оқыту, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуы. Күрделілігі: әр түрлі жұмыс жағдайында шешім табу тәсілдерін таңдап алу негізінде практикалық міндеттерді шешу.</p>	<p>Тапсырысты түсіне білу, жағдайды талдай алу, өзін-өзі тексере білу, шешім қабылдай білу және оларды іске асыруға жағдай жасау, басқарушылық және орындаушылық кәсіпқойлықты жоғарылататын командалық жұмыста қызметтерді бақылау және түзету дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Кәсіпқойлық жағдайларды жүйелік талдау және жобалау әдіснамасы, басқарушылық шешімдерді қабылдау тәсілдері, ұжым және ұжымдық құрылым туралы білім</p>
		<p>Дербестігі: кәсіпорын қызметтерінің технологиялық үдерістері мен стратегиясына қатысу шеңберіндегі басқарушылық қызмет.</p>		

	5.2	<p>Д а л а л ы қ геологиялық-геофизикалық материалдарды өңдеу және біріктіру бойынша камералдық жұмыстар үдерісін басқару. Жауаптылығы: өз еңбегін бағалау және жетілдіру, өзі оқу және басқаларды оқыту, өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау талаптарының орындалуы. Күрделілігі: әр түрлі жұмыс жағдайында шешім табу тәсілдерін таңдап алу негізінде практикалық міндеттерді шешу.</p>		
6	6-1	<p>Дербестігі: жұмыстар жөнінде басқа учаскелермен келісім жасауды көздейтін, кәсіпорын қызметтерінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Зерттеу жүргізу ауданында геологиялық объектілер мен үдерістерді анықтау үшін камералдық жұмыстардың міндеттерін белгілеу. Жауаптылығы: маңызды өзгерістерге және дамуға, әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу, қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыру үшін жауаптылық. Күрделілігі: шешім қабылдау тәсілдерінің әр түрлілігін көздейтін міндеттерді шешуге бағытталған қызметтер.</p>	<p>Әлеуметтік және кәсіптік тұрлаусыз жағдайларды жобалау және шешім қабылдау, өзін-өзі басқару білу, байланысты ұйымдастыру және көзқарастарға келісім жасау, нәтижелерді ресімдеу және таныстыру, қазіргі заманғы бағдарламалық өнімдерді және техникалық құралдарды пайдалану дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Әлеуметтік және кәсіптің күрделі жағдайларды бірлес талдау, жобалау және шеші қабылдау, байланысты ұйымдастыру және көзқарастарға келісім жасау, аналитикалық және жобаль құжаттамаларды ресімдеу және таныстыру туралы білі</p>
	6-2	<p>Дербестігі: жұмыстар жөнінде басқа учаскелермен келісім жасауды көздейтін, кәсіпорын қызметтерінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Камералдық жұмыстарды ұйымдастыру және дала жұмыстарын жүргізу ауданында анықталған геологиялық объектілер мен үдерістер туралы есепті дайындау үдерістерін басқару. Жауаптылығы: маңызды</p>		

		өзгерістерге және дамуға, әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау және әзірлеу, қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыру үшін жауаптылық. Күрделілігі: шешім қабылдау тәсілдерінің әр түрлілігін көздейтін міндеттерді шешуге бағытталған қызметтер.		
7	7-1	Дербестігі: сала құрылымын дамыту және оған жұмыс істетуді, жағдайларды ұйымдастыруды көздейтін басқарушылық қызмет. Ішкі нарықта сұранысқа ие геологиялық объектілер мен үдерістерді анықтау үшін геологиялық-геофизикалық зерттеу міндеттерін белгілеу. Жауаптылығы: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау, әзірлеу және оның нәтижелері үшін. Күрделілігі: шешім қабылдау, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді пайдалануды көздейтін қызмет.	Мәселелерді алға қоя білу және шешу, өз әрекетін шынайы бағалай білу, жаңа тәсілдерді, тұжырым құру тәсілдері мен қызмет ету стратегиясын қолдана отырып мәселелерді жүйемен шеше білу дағдыларын көрсетеді	Қызмет ету және әрекеттес тұжырымдарын, стратегиясы функционалдық үлгілерін құ әдіснамасы, жоғары даму деңгейіне қол жеткізетін ғылыми прогрессивтік тәсілдерді қолдана отырып мәселелерді алға қоя білу және шешу тәсілдері туралы білім
	7-2	Дербестігі: сала құрылымын дамыту және оған жұмыс ісету стратегиясын құруды көздейтін басқарушылық қызмет. Сыртқы нарықта сұранысқа ие геологиялық объектілер мен үдерістерді анықтау үшін геологиялық-геофизикалық зерттеу міндеттерін белгілеу. Жауаптылығы: маңызды өзгерістерге және дамуға әкелуі мүмкін қызмет үдерістерін жоспарлау, әзірлеу және оның нәтижелері үшін. Күрделілігі: даму мәселелерін шешу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді қолдануды көздейтін қызметтер.		
		Мемлекеттік ауқымдағы саланың ірі институционалдық		

8	8-1	құрылымдарына жұмыс істетуге және дамыту стратегиясын құруды, өнімді ішкі нарықта өндіру мен өткізу жағдайлары мен жауапкершілігін ұйымдастыруды көздейтін басқарушылық қызмет: ішкі нарықта сұранысқа ие минералдық шикізатты қайта өңдеу өнімдерін өткізу.	Экологиялық және стратегиялық ойлай білу дағдысын, көшбасшылық дағдыларды, логикалық әдістерді, кәсіпқойлық қызметтер мен өзара қарым-қатынас үлгілерін құру әдістерін қолдана отырып өзара тиімді шешім қабылдау дағдыларын көрсетеді	Қызметтер мен өзара әрекеттестіктің кооперативті жүйелерін құру, макроәлеуметтік және макроэкономикалық жүйелерді үлгілеу және басқару әдіснамасы туралы білім
	8-2	Мемлекеттік ауқымдағы саланың ірі институционалдық құрылымдарына жұмыс істетуге және дамыту стратегиясын құруды, өнімді сыртқы нарықта өндіру мен өткізу жағдайлары мен жауапкершілігін ұйымдастыруды көздейтін басқарушылық қызмет: минералдық шикізатты қайта өңдеу өнімдерін сыртқы нарықта жоғары қосылған құнмен өткізу (экспорт).		

Геология саласындағы салалық
біліктілік шеңберіне
2-қосымша

Біліктілікке қол жеткізу көрсеткіші

Біліктілік деңгейі	Тиісті деңгейдегі біліктілікке қол жеткізу жолдары
1	Практикалық тәжірибе және/немесе жұмыс орнында қысқа мерзімді оқыту (нұсқау) және/немесе бастауыштан кем емес орта білімі болған кезде қысқа мерзімді курстар.
2	Практикалық тәжірибе және/немесе негізгі орта білімнен кем емес жалпы орта білімі болған кезде кәсіби даярлау (білім беру мекемесі негізінде қысқа мерзімді курстар немесе корпоративті білім беру) және/немесе ересектерді қайта даярлау.
3	Практикалық тәжірибе және/немесе жалпы орта білім немесе негізгі орта білімнің негізін техникалық және кәсіби білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған кезде кәсіби даярлау (білім беру мекемелерінің негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша курстар немесе корпоративті оқыту).
4	Жоғары дәрежелі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық) және практикалық тәжірибе.
5	Техникалық және кәсіби білім (орта буын маманы), ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе немесе жоғары білім.
6	Жоғары білім, практикалық тәжірибе.
7	Жоғары білім, практикалық тәжірибе және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім практикалық тәжірибе.

Жоғары білім, практикалық тәжірибе және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім практикалық тәжірибе. Осы біліктілік деңгейінде жоғары білім «Білім туралы» Қазақста Республикасының Заңы қабылданғанға дейін алынған жоғары білімді, сондай-ақ осы заңд белгіленген білім деңгейіне сәйкес айқындалған жоғары білімнен кейінгі білімді қамтиды.